

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024
	20 беттің 1 беті

## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

**Пән атауы:** Алдыңғы қатарлы эпидемиология - 2

**Пән коды:** AQE 4301

**ББ шифры және атауы:** 6B10105 «Қоғамдық денсаулық сактау»

**Оқу сағаттары/кредиттердің көлемі:** 150 сағат (5 кредит)

**Оқу курсы мен семестр:** IV – курс, VIII – семестр

**Білім алушылардың өзіндік жұмысы.** 15 сағат

**Шымкент, 2024-2025 оқу жылы**

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024 20 беттің 2 беті

Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқалулық «Алдынғы катаарлы эпидемиология - 2» пәннің жұмыс оку бағдарламасының силабусы» сәйкес әзірленген және кафедра отырысында талқыланды.

Хаттама № 10 «2» 10 2024 ж.

Кафедра меншерушісі, м.ғ.к., доцент м.а.  Утемов П.Д.

№1.

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024
	20 беттің 3 беті

**1. Тақырып:** Денге, Ласса, Эбола жағдайларының эпидемиологиялық және эпизоотологиялық алғышарттары, эпидемиялық процестің сипаттамасы.

**2. Мақсаты:** Инфекциялардың таралу жолдарын, қоздырғыштарының табиғи резервуарларын және жүқтүру механизмдерін зерттеу.

**3. Тапсырмалар:**

1. Денге вирусының таралу жолдары қандай және оларды қандай жәндіктер тарататындығы туралы не білесіз?

2. Ласса қызбасының инфекциясы қалай беріледі? Бұл аурудың географиялық таралуы қандай факторларға байланысты?

3. Эбола вирусының адамға берілу механизмдері мен оның табиғи резервуарлары қандай?

4. Денге, Ласса және Эбола ауруларының клиникалық белгілері мен ауырлық дәрежелері қандай? Олардың ортақ және айырмашылықтары неде?

5. Әр аурудың эпидемиялық өршуінің негізгі кезеңдері мен динамикасын сипаттаңыз.

6. Инфекциялық аурулардың таралуын басқару үшін қолданылатын стратегиялық шаралар қандай? Олар қандай тиімділікті көрсетеді?

**4. Орындау/бағалау нысаны:** Презентация, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

**5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар):** 1, 2 қосымша

**6. Тапсыру мерзімі:** 1-2 күн

**7. Әдебиет:** №3 қосымшаны қараныз

**8. Бақылау(сұрақтар):**

1. Денге вирусының қандай жәндіктер арқылы беріледі және олардың экологиялық жағдайлары қандай?

2. Денге ауруының таралуына әсер ететін климаттық факторлар қандай?

3. Ласса қызбасының инфекциясының негізгі көздері мен берілу жолдары қандай?

4. Ласса ауруы жиі кездесетін аймақтардағы әлеуметтік және экономикалық жағдайларды қалай сипаттауға болады?

5. Эбола вирусының табиғи резервуары қандай жануарлар? Олардың адамға берілу механизмі қалай жұмыс істейді?

6. Эбола инфекциясының эпидемиялық таралуына әсер ететін қоғамдық деңсаулық сақтау мәселелері қандай?

**№2.**

**1. Тақырып:** Кенелік және жапон энцефалитінің пайда болуының эпидемиологиялық және эпизоотологиялық алғышарттары, эпидемиялық процестің сипаттамасы.

**2. Мақсаты:** кенелік және жапон энцефалитінің пайда болуының эпидемиологиялық және эпизоотологиялық алғышарттарын, сондай-ақ эпидемиялық процестің сипаттамасын түсіну, олардың таралу жолдарын және алдын алу шараларын зерттеу.

**3. Тапсырмалар:**

1. Кенелік және жапон энцефалитінің эпидемиологиялық жағдайлары қай аймақтарда жиі кездеседі және бұл аурулардың таралуына қандай экологиялық факторлар әсер етеді

2. Кенелік энцефалитінің эпидемиологиялық өршуіне қандай климаттық және географиялық шарттар әсер етеді?

3. Жапон энцефалитінің негізгі тасымалдаушылары мен инфекцияның таралу жолдары қандай?

4. Кенелік және жапон энцефалитіне қарсы алдын алу шараларының (вакцинация, инсектицидтер, санитарлық бақылау) тиімділігін бағалау қалай жүзеге асырылады?

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024 20 беттің 4 беті

5. Эпидемиялық өршу кезінде қолданылатын шаралардың уақытында жүзеге асырылуы қаншалықты маңызды?

6. Аурулардың алдын алу үшін зерттеу нәтижелерін қандай дәрежеде халыққа жеткізу қажет?

**4. Орындау/багалау нысаны:** Презентация, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

**5. БӘЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар):** 1, 2 қосымша

**6. Тапсыру мерзімі:** 2 күн

**7. Әдебиет:** №3 қосымшаны қараныз

### 8. Бақылау(сұрақтар):

1. Кенелік энцефалитінің қоздырғышы қандай вирус және ол қандай ерекшеліктерге ие?

2. Жапон энцефалитінің қоздырғышы қандай вирус және оның таралу механизмі қандай?

3. Кенелік энцефалитінің эпизоотологиялық тізбегінде қандай жануарлар мен жәндіктер маңызды рөл атқарады?

4. Жапон энцефалитінің эпизоотологиялық процесінде қандай жануарлар вирус тасымалдаушылары болып табылады?

5. Кенелік энцефалиті мен жапон энцефалиті вирустарының табиғи резервуарлары мен тасымалдаушылар арасында қандай ерекшеліктер бар?

6. Кенелік және жапон энцефалитінің алдын алу үшін қандай вакциналар қолданылады және олардың тиімділігі қандай?

7. Кенелер мен комарларды бақылау үшін қандай инсектицидтер қолданылуы керек?

8. Жапон энцефалитінің алдын алу үшін қандай экологиялық және санитарлық шаралар қажет?

9. Кенелік энцефалитінің алдын алу мақсатында қандай санитарлық-гигиеналық ережелер сақталуы тиіс?

### №3.

**1. Тақырып:** Ку-қызбасының пайда болуының эпидемиологиялық және эпизоотологиялық алғы шарттары, эпидемиялық процестің сипаттамасы.

**2. Мақсаты:** Ку-қызбасының эпидемиологиялық және эпизоотологиялық алғышшарттарын зерттеу, сондай-ақ аурудың таралу механизмі мен эпидемиялық процестің сипаттамасын анықтау

### 3. Тапсырмалар:

1. Ку-қызбасының қоздырғышы қандай микроорганизм? Оның биологиялық ерекшеліктері қандай?

2. Ку-қызбасының қоздырғышы *Coxiella burnetii* бактериясының адам ағзасына жүзінде жолдары қандай?

3. Ку-қызбасы қандай жануарлардан адамға беріледі және осы жануарлар арасында инфекцияның таралу механизмі қалай жүреді?

4. Ку-қызбасы қай аймақтарда жиі кездеседі және бұл аурудың таралуына қандай экологиялық және климаттық факторлар әсер етеді?

5. Аурудың таралуында қандай әлеуметтік және кәсіби топтар көп зардал шегеді? Қандай жағдайларда адамдар жиі инфекция жүктірады?

6. Ку-қызбасының эпидемиялық өршуі маусымдық түрде байқала ма және қандай факторлар осы маусымдық өзгерістерге әсер етеді?

**4. Орындау/багалау нысаны:** Презентация, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

<b>ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024
	20 беттің 5 беті

**5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар): 1, 2 қосымша**

**6. Тапсыру мерзімі: 3 күн**

**7. Әдебиет: №3 қосымшаны қарандыз**

**8. Бақылау(сұрақтар):**

1. Ку-қызбасының қоздырғышы қандай микроорганизм? Оның биологиялық ерекшеліктері мен таралу механизмі қандай?
2. *Coxiella burnetii* бактериясы адамдарға қандай жолдармен жүргеді?
3. Ку-қызбасының табиғи резервуарлары мен тасымалдаушылары қандай жануарлар болып табылады?
4. Ку-қызбасының алдын алу үшін қандай эпидемиологиялық және санитарлық шаралар қолданылады?
5. Вакцинация қандай топтарға қажет және ол қаншалықты тиімді?
6. Ку-қызбасының таралуын болдырма үшін ветеринарлық және санитарлық бақылау шаралары қандай болуы керек?

**№4.**

**1. Тақырып:** АИТВ-инфекцияларының жіктелуі, клиникалық көріністері, нозоформалары, екіншілік инфекциялар және жағдайлар. АИТВ-инфекциясын диагностикалаудың зертханалық критерийлері

**2. Мақсаты:** АИТВ инфекциясының (адамның иммун тапшылығы вирусы) жалпы сипаттамасы мен оның клиникалық көріністерін зерттеу, аурудың әртүрлі нозоформаларын анықтау, екіншілік инфекциялар мен жағдайлардың пайда болу механизмдерін талдау және осы инфекцияны диагностикалау үшін қолданылатын зертханалық критерийлерді түсіндіру.

**3. Тапсырмалар:**

1. АИТВ инфекциясының қандай кезеңдері бар және олар қалай сипатталады?
2. АИТВ инфекциясының нозоформалары дегеніміз не? Оларға қандай патологиялық жағдайлар жатады?
3. АИТВ инфекциясының клиникалық көрінісінде қандай ерекше белгілер байқалуы мүмкін?
4. АИТВ инфекциясының алдын алу үшін қандай зертханалық бақылау шаралары қажет?
5. АИТВ инфекциясының екіншілік инфекцияларының алдын алу үшін қандай шаралар қабылданады?
6. АИТВ инфекциясын ерте кезеңде диагностикалау мен емдеудің маңыздылығы туралы не айтуга болады?
7. АИТВ инфекциясына арналған қазіргі емдеу әдістерінің тиімділігі қандай?
4. **Орындау/бағалау нысаны:** Презентация, тест тапсырмаларын және жағдайлары есептерді құрастыру

**5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар): 1, 2 қосымша**

**6. Тапсыру мерзімі: 4 күн**

**7. Әдебиет: №3 қосымшаны қарандыз**

**8. Бақылау(сұрақтар):**

1. АИТВ инфекциясының бастапқы (жедел) кезеңіндегі клиникалық көріністер қандай?
2. Симптомсыз кезеңде науқаста қандай өзгерістер мен белгілер болуы мүмкін?
3. АИТВ инфекциясының соңғы (АҚТҚ ауруы) кезеңінде кездесетін негізгі клиникалық белгілер мен асқынуларды сипаттаңыз.

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024
	20 беттің 6 беті

4. АИТВ инфекциясының иммун тапшылығы көрсеткіштерін анықтайтын клиникалық белгілер қандай?
5. АИТВ инфекциясының асқынуларының алдын алу үшін қандай профилактикалық шаралар қабылдануы керек?
6. АИТВ инфекциясын ерте диагностика және емдеу қалай жүргізіледі?
7. АИТВ инфекциясының екіншілік инфекциялар мен асқынуларын бақылау үшін қандай емдеу әдістері тиімді?
8. АИТВ инфекциясының алдын алу үшін қандай ғылыми жетістіктер мен жаңалықтар бар?

#### **№5.**

**1. Тақырып:** Медициналық персоналдың В және С, Д гепатиті вирустарымен ауруханаішілік инфекциясының эпидемиологиясы және алдын алу

**2. Мақсаты:** медициналық қызметкерлер арасында В, С және Д гепатиттері вирустарымен инфекциялардың таралуын зерттеу, бұл инфекциялардың аурухана жағдайында жұғу механизмі мен эпидемиологиялық ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ медициналық персоналдың қорғау шараларын түсіндіру.

**3. Тапсырмалар:**

1. В, С және Д гепатиттері вирустарының әрқайсысының таралу жолдары мен механизмдері қандай?
2. В гепатиті мен С гепатитінің вирустары арасындағы негізгі айырмашылықтар қандай?
3. Д гепатиті вирусының ерекшеліктері мен жұғу механизмі қалай сипатталады?
4. Медициналық персонал арасында В, С және Д гепатиттері вирустарының таралуының негізгі себептері мен тәуекел факторлары қандай?

**4. Орындау/бағалау нысаны:** Презентация, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

**5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар):** 1, 2 қосымша

**6. Тапсыру мерзімі:** 5 күн

**7. Эдебиет:** №3 қосымшаны қараныз

**8. Бақылау(сұрақтар):**

1. Аурухана жағдайында медициналық қызметкерлердің В, С және Д гепатиттерін жүқтყыру қаупі жоғары болуына не себеп болады?
2. Қандай медициналық процедуralар (мысалы, инъекциялар, хирургиялық араласулар, қан құю) медициналық қызметкерлер үшін жоғары қауіпті болып табылады?
3. В, С және Д гепатиттерімен жүқтყыру жағдайлары ауруханаларда қандай деңгейде кездеседі?
4. Ауруханаішілік инфекциялардың алдын алу үшін қандай эпидемиологиялық бақылау шаралары қолданылуы керек?
5. В және С гепатиттері бойынша медициналық қызметкерлерге арналған ақпараттық науқандардың маңызы қандай?
6. Медициналық персоналға В, С және Д гепатиттері туралы білім беру және оқыту қалай жүзеге асырылады?
7. Медициналық мекемелерде гепатит инфекцияларының алдын алу үшін қандай оқу және ақпараттық бағдарламалар ұйымдастырылуы тиіс?

#### **№6.**

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024 20 беттің 7 беті

**1. Тақырып:** Сіреспедегі эпидемиялық процестің этиологиясы мен сипаттамасы. Профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралар.

**2. Мақсаты:** іреспе ауруының этиологиясын, патогенезін, эпидемиологиялық ерекшеліктерін және таралу механизмдерін зерттеу, сіреспенің эпидемиялық процесін сипаттау және оның қоғамдық денсаулыққа әсерін талдау, сіреспенің таралуының алдын алу, оның эпидемиялық жағдайын болдырмау үшін қолданылатын профилактикалық және эпидемияға қарсы шараларды анықтау.

**3. Тапсырмалар:**

1. Сіреспе ауруын тудыратын Clostridium tetani бактериясының негізгі сипаттамалары қандай?

2. Clostridium tetani бактериясының өмір сұру жағдайлары мен жұғу механизмдері қалай сипатталады?

3. Сіреспенің эпидемиялық процесінің сипаттамасы қандай? Оның таралуы қандай факторларға байланысты?

4. Сіреспенің таралуы географиялық және демографиялық түрғыда қандай ерекшеліктерге ие?

5. Сіреспенің таралуына ықпал ететін экологиялық және әлеуметтік факторлар қандай?

6. Эпидемияға қарсы шаралар сіреспе ауруының таралуын тоқтату үшін қандай әрекеттерді қамтиды?

7. Ауруханалар мен медициналық мекемелерде сіреспе ауруының алдын алу үшін қандай санитарлық нормалар сақталуы керек?

8. Инфекциялық ошақтарды оқшаулау және оны жою үшін қандай шаралар қажет?

**4. Орындау/бағалау нысаны:** Ғылыми мақалаларды талдау (RBL элементі) Презентация, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру.

**5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар):** 1, 2 қосымша

**6. Тапсыру мерзімі:** 6 күн

**7. Әдебиет:** №3 қосымшаны қараныз

**8. Бақылау(сұрақтар):**

1. Сіреспе инфекциясының таралуын тоқтату үшін қандай эпидемияға қарсы шаралар жүргізіліу қажет?

2. Сіреспе инфекциясының таралуын болдырмау үшін санитарлық-гигиеналық талаптар мен инфекциялық бақылау қалай үйімдастырылады?

3. Ауруханаішілік сіреспе инфекциясын болдырмау үшін қандай санитарлық ережелер сақталуы керек?

4. Карантин және эпидемиологиялық бақылау шаралары сіреспенің таралуын қалай болдырмауға көмектеседі?

5. Сіреспе инфекциясының таралуын бақылау үшін қандай эпидемиологиялық зерттеу әдістері қолданылады?

**№7.**

**1. Тақырып:** Мерездің алдын алудың заманауи тәсілдері.

**2. Мақсаты:** Мерездің этиологиясын (*Treponema pallidum* бактериясы) және оның жұғу жолдарын терең түсіну, мерездің таралуының негізгі себептерін анықтау, оны болдырмау үшін тиімді профилактикалық шараларды зерттеу, мерезді ерте диагностикалау, профилактикалық екпелер және инфекцияны жұқтыру қаупін азайтуға бағытталған стратегияларды талдау.

**3. Тапсырмалар:**

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024 20 беттің 8 беті

1. Мерезді тудыратын бактерия (*Treponema pallidum*) туралы жалпы мәліметтер мен оның ерекшеліктері қандай?

2. Мерездің жұғу жолдары мен механизмдерін сипаттаңыз.

3. Мерездің клиникалық кезеңдері мен оның әр кезеңіндегі жұқтыру қаупі қалай ерекшеленеді?

4. Мерездің таралуы бойынша әлеуметтік және биологиялық факторлар қандай?

4. **Орындау/бағалау нысаны:** Презентация, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

5. **БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар):** 1, 2 қосымша

6. **Тапсыру мерзімі:** 7 күн

7. **Әдебиет:** №3 қосымшаны қараңыз

#### 8. Бақылау(сұрақтар):

1. Мерездің алдын алу бойынша халықты ақпараттандырудың маңызы неде?

2. Мерез туралы халыққа түсінік беру үшін қандай қоғамдық науқандар ұйымдастырылуы тиіс?

3. Мерездің алдын алу бойынша білім беру бағдарламаларының тиімділігі қандай?

4. Жасөспірімдер мен жастар арасында мерездің алдын алу үшін қандай ерекше білім беру әдістері қажет?

5. Жыныстық жолмен берілетін аурулар (ЖЖБА) арасында мерезді болдырмау үшін қандай жана диагностикалық әдістер бар?

6. Интернет және мобильдік технологиялар мерездің алдын алу үшін қалай қолданылады? Мысалы, мобильдік қосымшалар мен телемедицина туралы не айтуда болады?

7. Мерездің алдын алу үшін вирустар мен бактерияларға карсы вакциналар әзірлеу бойынша қандай заманауи зерттеулер жүргізілуде?

#### №8.

1. **Тақырып:** Биогельминтоздар мен геогельминтоздар ошағын эпидемиологиялық қадағалау әдістері. Ошақтағы эпидемияға қары және профилактикалық шаралар.

2. **Мақсаты:** Биогельминтоздар және геогельминтоздар деген ұғымдарды, олардың ерекшеліктері мен таралу жолдарын түсіну, биогельминтоздар мен геогельминтоздардың эпидемиологиясын зерттеу және олардың таралуы мен ошағының пайда болуының негізгі факторларын анықтау, эпидемиологиялық қадағалау әдістерін зерттеу, биогельминтоздар мен геогельминтоздардың ошақтарын бақылау тәсілдерін сипаттау.

#### 3. Тапсырмалар:

1. Биогельминтоздар мен геогельминтоздардың айырмашылығы неде?

2. Биогельминтоздар мен геогельминтоздарды тудыратын гельминттер қандай және олардың негізгі түрлері қандай?

3. Биогельминтоздар мен геогельминтоздардың жұғу жолдары мен инфекцияның таралу механизмі қалай сипатталады?

4. Биогельминтоздар мен геогельминтоздардың паразиттік өмір сұру циклы қандай және ол қалай жүзеге асады?

4. **Орындау/бағалау нысаны:** Презентация, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

5. **БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар):** 1, 2 қосымша

6. **Тапсыру мерзімі:** 8 күн

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024
	20 беттің 9 беті

**7. Эдебиет:** №3 қосымшаны қарандыз

**8. Бақылау(сұрақтар):**

- Биогельминтоздар мен геогельминтоздардың таралуы үшін қандай әлеуметтік, экологиялық және биологиялық факторлар әсер етеді?
- Осы инфекциялардың ошақтарын анықтау және эпидемиологиялық мониторинг жүргізу кезінде қандай әдістер қолданылады?
- Геогельминтоздар мен биогельминтоздардың эндемиялық аймақтары мен олардың географиялық таралуы қандай?
- Биогельминтоздар мен геогельминтоздардың таралуы жұқтырылған адамдардың денсаулығына қандай әсер етеді?

**№9.**

**1. Тақырып:** Лямблиоздың және токсоплазмоздың алдын алу жөніндегі санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

**2. Мақсаты:** ямблиоз және токсоплазмоз инфекцияларын тудыратын патогендерді (мұқият түсіну: Giardia lamblia және Toxoplasma gondii) анықтап, олардың таралу жолдары мен жұқтыру механизмін зерттеу, Лямблиоз бен токсоплазмоздың эпидемиологиясын және олардың инфекция ошақтарын сипаттау, сонымен қатар, осы инфекциялардың қоғамдық денсаулыққа әсерін түсіну.

**3. Тапсырмалар:**

- Лямблиоздың және токсоплазмоздың этиологиясы қандай? Бұл инфекцияларды қандай микроорганизмдер туғызады?
- Лямблиоз бен токсоплазмоздың таралу жолдары мен жұғу механизмі қандай?
- Лямблиоз бен токсоплазмоздың инфекция ошақтары қалай қалыптасады және олардың негізгі факторлары қандай?
- Лямблиоз және токсоплазмоздың эпидемияға қарсы күрестегі маңыздылығы қандай?
- 4. Орындау/бағалау нысаны:** Презентация, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

**5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар):** 1, 2 қосымша

**6. Тапсыру мерзімі:** 9 күн

**7. Эдебиет:** №3 қосымшаны қарандыз

**8. Бақылау(сұрақтар):**

- Лямблиоздың алдын алу үшін қандай санитариялық-гигиеналық шаралар қолданылады?
- Токсоплазмоздың алдын алу мақсатында қандай гигиеналық және санитарлық талаптар орындалуы тиіс?
- Лямблиоз және токсоплазмоздың алдын алу үшін қолданылатын санитарлық қадағалау әдістері қандай?
- Лямблиоз бен токсоплазмоздың алдын алу үшін қандай қоғамдық білім беру бағдарламалары мен ақпараттық кампаниялар ұйымдастырылуы керек?

**№10.**

**1. Тақырып:** Қорытынды дезинфекцияның қышыма эпидемиялық процесіне әсері

**2. Мақсаты:** Қышыма инфекциясының (Scabies) қоздырғышы және оның эпидемиялық таралу механизмі туралы толық түсінік қалыптастыру, Қышыма инфекциясының эпидемиялық процесінің ерекшеліктері мен таралу жолдарын талдау, қорытынды

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024 20 беттің 10 беті

дезинфекция деген ұғымды анықтаپ, оның қышыма инфекциясының таралуын болдырмаудағы рөлін зерттеу.

### **3. Тапсырмалар:**

1. Қышыма инфекциясын тудыратын паразиттің түрлері мен оның өмірлік циклі қалай етеді?
2. Қышыма инфекциясы қандай жұғу жолдары арқылы таралады?
3. Қышыма инфекциясының эпидемиялық таралуына ықпал ететін негізгі факторлар қандай?
4. Қышыма инфекциясының эпидемиялық процесі қалай жүреді және оның таралуын қандай шарттар ықпал етеді?
5. Қышыма инфекциясының эндема немесе эпидемиялық ошақтарының қалыптасуында қандай факторлар маңызды?
6. Қышыма инфекциясының тәуекел топтары мен жүқтыру деңгейі қалай анықталады?

**4. Орындау/бағалау нысаны:** Презентация, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

**5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар):** 1, 2 қосымша

**6. Тапсыру мерзімі:** 10 күн

**7. Эдебиет:** №3 қосымшаны қараныз

### **8. Бақылау(сұрақтар):**

1. Корытынды дезинфекция қышыма инфекциясының таралуына қалай әсер етеді?
2. Корытынды дезинфекцияны жүргізу арқылы инфекция ошағын жою және эпидемияның таралуын болдырмау қандай жолдармен жүзеге асады?
3. Қышыма инфекциясының таралуы тоқтамаса, корытынды дезинфекцияның тиімділігіне қандай факторлар әсер етуі мүмкін?
4. Корытынды дезинфекцияны жүргізу үшін қолданылатын құралдар мен әдістер қандай?
5. Қышыма инфекциясының таралуы байқалған жерде корытынды дезинфекция шаралары қалай үйимдастырылады?
6. Корытынды дезинфекцияның орындалу тәртібі мен санитарлық талаптары қандай?

### **№11.**

**1. Тақырып:** Педикулездің алдын-алудағы заманауи проблемалар мен шешімдер.

**2. Мақсаты:** Педикулездің эпидемиологиясын және оның таралу жолдарын тереңірек түсіну. Педикулездің әлеуметтік және гигиеналық аспектілеріне ерекше назар аудара отырып, инфекцияның таралу факторларын анықтау.

### **3. Тапсырмалар:**

1. Педикулездің таралуының негізгі себептері қандай?
  2. Педикулездің эпидемиологиялық жағдайы қазіргі уақытта қандай және ол қай аймақтарда жиі кездеседі?
  3. Педикулездің әлеуметтік және гигиеналық факторларының эпидемияның таралуына әсері қандай?
  4. Педикулездің алдын алу үшін қандай санитарлық-гигиеналық шаралар тиімді?
  5. Қоғамдық және жеке деңсаулық сақтау деңгейінде педикулездің таралуын болдырмау үшін қандай профилактикалық іс-шаралар жүргізілуі керек?
  6. Педикулездің алдын алу үшін мектептерде және басқа да қоғамдық орындарда қандай бағдарламалар мен шаралар үйимдастырылуы тиіс?
- 4. Орындау/бағалау нысаны:** Презентация, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024
	20 беттің 11 беті

**5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар): 1, 2 қосымша**

**6. Тапсыру мерзімі: 11 күн**

**7. Әдебиет: №3 қосымшаны қарандыз**

**8. Бақылау(сұрақтар):**

- Педикулездің алдын алу шараларын мемлекеттік деңгейде ұйымдастыру үшін қандай құқықтық және ұйымдастырушылық талаптар қажет?
- Педикулездің алдын алу бойынша халықаралық тәжірибелі қалай қолдануға болады?
- Қоғамдық деңсаулық сақтау саласында педикулезді болдырмаудың тиімді стратегияларын іске асыру үшін қандай ресурстар мен жүйелер қажет?
- Қазіргі уақытта педикулездің алдын алу мәселелерінде кездесетін негізгі проблемалар мен кедергілер қандай?
- Педикулездің таралуын тоқтату үшін кешенді профилактикалық шараларды қалай жүзеге асыруға болады?
- Педикулездің алдын алу үшін халықаралық ұйымдар мен деңсаулық сақтау ұйымдарының рөлі қандай болуы керек?

**№12.**

**1. Тақырып:** Студенттер арасында дерматомикоздың таралуы мен түрлері

**2. Мақсаты:** Дерматомикоздардың (терідегі зен инфекциялары) жалпы сипаттамасын беру, оның қоздырғыштары мен таралу жолдары туралы түсінік қалыптастыру. Студенттер арасында бұл инфекцияның таралуының эпидемиологиялық ерекшеліктерін қарастыру.

**3. Тапсырмалар:**

- Дерматомикоз дегеніміз не? Оның қоздырғыштары қандай?
- Дерматомикоздардың пайда болуы үшін қандай этиологиялық факторлар ықпал етеді?
- Дерматомикоздардың жұғу жолдары мен механизмдері қандай?
- Дерматомикоздардың таралуында қандай қоғамдық және экологиялық факторлар рөл атқарады?
- Дерматомикоздың таралуын болдырмау үшін оқу орындарында қандай гигиеналық талаптар мен ережелер сақталуы тиіс?
- Қоғамдық орындарда (жуынатын бөлмелер, спорт залдары) дерматомикоздың алдын алу үшін қандай санитарлық шаралар қажет?

**4. Орындау/бағалау нысаны:** Ғылыми мақалаларды талдау (RBL элементі) Презентация, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру.

**5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар): 1, 2 қосымша**

**6. Тапсыру мерзімі: 12 күн**

**7. Әдебиет: №3 қосымшаны қарандыз**

**8. Бақылау(сұрақтар):**

- Студенттер арасында дерматомикоздың таралудың негізгі себептері қандай?
- Студенттер арасында дерматомикоздың таралу жиілігі қандай, және ол қандай аймақтарда көп кездеседі?
- Студенттердің арасында дерматомикоздың таралуына қандай әлеуметтік және санитарлық-гигиеналық факторлар ықпал етеді?
- Студенттер арасында дерматомикоздың таралуы мен оқу орынның санитарлық жағдайы арасында қандай байланыс бар?

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024
	20 беттің 12 беті

5. Дерматомикоздың алдын алу үшін студенттер арасында қандай санитарлық-гигиеналық шаралар жүргізу қажет?
6. Студенттер арасында дерматомикоздың алдын алу үшін қандай профилактикалық іс-шаралар ұйымдастыру керек?

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024
	20 беттің 13 беті

## **Косымша №1.**

### **БӨЖ орындау критерийлері:**

**1. Презентация дайындау:** Стиль: - безендірудің бір тұтас стилі, презентациядан көніл аударатын стиль болмау керек және қосымша ақпарат мәтін мен суреттен көп болмау керек; Фон:- салқын тон таңдалу керек (жасыл, қара көк); Түсті қолдану: бір слайдта үштен артық түс қолданылмау қажет; Мазмұны: қысқа сөз бер сөйлем қолдану, тарау аттары аудиторияның көңілін аудартатындей болуы керек; Бетте орналасу тәртібі: ақпарат көлдененеңінен орналасу керек, негізгі ақпарат экранның ортасында орналасуы керек, атаулар суреттердің астында орналасуы керек; Шрифттер: тараудың атаулары үшін – 24 кем емес; ақпараттар үшін – 18 кем емес, Ақпаратты бөлу үшін қалың шрифт, курсив қолданылады; Бөлу әдістері: рамкалар, шекаралар қолданылады: әртүрлі түсті шрифттер, белгі, сурет, диаграмма, сызбалар қолданылады; Ақпарат көлемі: бір слайдты көп ақпаратпен толтырудың қажеті жоқ; Слайд түрлері: әртүрлі слайд жасау үшін мәтін, кесте, диаграммалар қолдану қажет. Бір тақырыпқа 25 слайд дайындау керек.

**2. Тест тапсырмаларын құрастыру:** Тест тапсырмалары тақырыбы бойынша 20-дан кем болмауы керек. Белгіленген уақытта тапсырылады. Мазмұнды тест. Тест тапсырмалары нақты, дәлелді, берілген тақырыбы бойынша құрастырылады. Жауаптар адекватты және бірыңғай. Жауап алгоритмі бар. Дұрыс жауқұнры берілген. Тест тапсырмалары сұрақ түрінде құрастырылмайды. Қолданылған әдебиеттер тізімін көрсету қажет. **Формат:** A4 Times New Roman, шрифт 14, шеті, жоғары, төмен, он жағы- 2 см, сол жағы - 3 см;

**3. Жағдайлық есептерді құрастыру:** Талаптар: адекватты, мәтіннің қарапайымдылығы, тапсырманың түсіктілігі. Қойылған сұрақтар (3-4) нақты әрі тақырыпқа сай болуы шарт. Жағдайды сипаттау, берілген сандар мен фактілер түсінікті, нақты болуы керек. Құрастырылатын жағдайлық есептің саны 5-тен кем емес. **Формат:** A4 Times New Roman, шрифт 14, шеті, жоғары, төмен, он жағы- 2 см, сол жағы - 3 см;

**4. Алдын алу шараларын құрастыру:** Алдын алу шаралары нақты бір мақсатқа бағытталуы тиіс. Мақсаттар анық және олшенетін болуы керек. Алдын алу шараларын құрастырудың стилі анық, жүйелі және нақты болуы керек. Құжат көлемі 5-15 бет аралығында болса, бұл жетекілікті. Эр шараның мәні мен орындалуы, қажетті ресурстар мен мерзімдер нақты көрсетілуі тиіс.

**5. Ғылыми мақалаларды талдау (RBL элементі)** Ғылыми мақаланы талдау кезінде оның әдіснамалық дұрыстығын, ғылыми құндылығын, жаңашылдығын, тілдің нақтылығын, әдебиеттердің сапасын, нәтижелердің дәлдігін және этикалық талаптарды сақтау маңыздылығын ескеру керек. Талдаудың объективті, жүйелі және ғылыми негізде болуы қажет. 5 кем емес ғылыми мақалаларды талдау керек. Соңғы 5 жылдағы кем дегенде 5-7 әдебиетті пайдалану керек.

**Ескерту\*-БӨЖ орындауда қолданылатын әдебиет көздерінің ұсынылатын саны 5-7 кем емес, 5-жылдан артпауы қажет.**

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024 20 беттің 14 беті

**№ 2 қосымша**

<b>Жағдайлық есептерді құрастыру бойынша тексеру параги</b>					
<b>№</b>	<b>Бағалау критерийлері</b>	<b>Өте жақсы (90-100%)</b>	<b>Жақсы (70-89%)</b>	<b>Қанағаттанарл ық (50-69%)</b>	<b>Қанага ттанарл ықсыз (25- 49%)</b>
1	A 4, қаріп Times New Roman, шрифт өлшемі 14, есептер саны 5, тапсырмалар саны 3-4 кем емес.	18-20	14-17,8	10-1,8	0-9,8
2	Есептер берілген тақырыпқа сай, жағдай мен фактілер, қойылған сұрақтар жалпыға түсінікті.	18-20	14-17,8	10-13,8	0-9,8
3	Кәсіби терминологиясы бар, тақырыпқа сай нормативтік-құқықтық құжаттар мен СанҚ қолданылған.	18-20	14-17,8	10-13,8	0-9,8
4	Әдебиеттер саны 5-6 кем емес, соңғы 5 жылды қамтиды. Есептердің жауаптары бар, дұрыс құрастырылған.	18-20	14-17,8	10-13,8	0-9,8
5	Ғылыми терминологияны колдана отырып, нақты, сауатты, дәлелді түрде есеп бере білу.	18-20	14-17,8	10-13,8	0-9,8

**Құрастырылған тест тапсырмаларын бағалау**

<b>№</b>	<b>Бағасы</b>	<b>Бағалау критерийлері</b>
1	<b>Өте жақсы А ( 95-100%)</b>	Тест тапсырмаларында 20 сұрақ бар. Жауаптың 5 нұсқасы бар. Тест тапсырмалары лексикалық сауатты құрастырылған. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Тесттің мазмұны тек бір толық ойға ие және дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Нормативтік құжаттарды, сондай-ақ осы тақырып бойынша жаңа ғылыми-статистикалық материалдарды пайдалану.
	<b>А- (90-94%)</b>	Тест тапсырмаларында 20 сұрақ бар. Жауаптың 5 нұсқасы бар. Тест тапсырмалары лексикалық сауатты құрастырылған. Белгіленген мерзімде тапсырылды.

<b>OÝTÜSTİK QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024 20 беттің 15 беті

		Mәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Тесттің мазмұны тек бір толық ойға ие және дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген.
2	<b>Жақсы</b> <b>B+ (85-89%)</b>	Тест тапсырмаларында 20 сұрақ бар. Жауаптың 5 нұсқасы бар. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Сұрақтарды құрастыруда "кейде", "әрқашан", "ешқашан", "жиі" сөздері қолданылады.
	<b>B (80-84%)</b>	Тест тапсырмалары кемінде 20 сұрақтан тұрады. Жауаптың 5 нұсқасы бар. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Жауаптардың бірдей және барабар нұсқалары. Жауаптар алгоритмі бар және дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Құрастыру кезінде орфографиялық қателіктер жіберілді.
	<b>B- ( 75-79%)</b>	Тест тапсырмалары кемінде 18 сұрақтан тұрады және белгіленген мерзімде тапсырылған. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Құрастыру кезінде орфографиялық қателіктер жіберілді. Дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Тапсырмада жауаптың тек 4 нұсқасы бар.
	<b>C+ (70-74%)</b>	Тест тапсырмалары 16 сұрақтан тұрады және белгіленген мерзімде тапсырылған. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Құрастыру кезінде орфографиялық қателіктер жіберілді. Дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Тапсырмада жауаптың тек 4 нұсқасы бар.
3	<b>Қанагаттанарлық</b> <b>C (65-69%)</b>	Тест тапсырмаларында 15 сұрақ болады. Тесттер уақтылы тапсырылмаған. Мәтіннің негізі мағынасыз. Тест тапсырмалары бар, анық емес, дұрыс емес, нақты емес. Тапсырмада жауаптың тек 4 нұсқасы бар.
	<b>C- (60-64%)</b>	Тест тапсырмаларында 15 сұрақ болады. Тесттер уақтылы тапсырылмаған. Мәтіннің негізі мағынасыз. Тест тапсырмалары бар, анық емес, дұрыс емес, нақты емес. Тапсырмада жауаптың тек 3 нұсқасы бар. Тапсырманың жауаптарында "барлық жауаптар дұрыс/барлық жауаптар дұрыс емес" және "жоғарыда айтылғандардың бәрі/төменде айтылғандардың бәрі" бар.
	<b>D+ (55-59%)</b>	Тест тапсырмаларында 12 сұрақ болады. Тесттер уақтылы тапсырылмаған. Мәтіннің негізі мағынасыз. Тест тапсырмалары бар, анық емес, дұрыс емес, нақты емес. Тапсырмада жауаптың тек 3 нұсқасы бар. Тапсырма сұрақ түрінде жасалады. Кейбір тапсырмалар тақырыпқа сәйкес келмейді.
	<b>D – (50-54)</b>	Тест тапсырмаларында 12 сұрақ бар. Тесттер уақтылы тапсырылмаған. Мәтіннің негізі мағынасыз. Тест

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024
	20 беттің 16 беті

		тапсырмалары бар, анық емес, нақты емес. Барлық дұрыс жауаптар дұрыс белгіленбegen.
<b>4</b>	<b>Қанагаттанар лықсыз FX (25-49%)</b>	Тест тапсырмаларында 10-нан кем сұрақ бар. Мәтіннің мазмұны жоқ, сұрақтың тұжырымы анық емес. Жауаптарда бір тұтастық және жауап алгоритмі жоқ. Уақытылы тапсырылмаған.
	<b>F(0-24%)</b>	Тесттер күрастырылмаған.
<b>Алдын алу шараларын құрастыруды тексеру парагы</b>		
<b>№</b>	<b>Бағасы</b>	<b>Бағалау критерийлері</b>
1	<b>Оте жақсы</b> <b>A (95-100%)</b>	Егер де білім алушы құрастырган алдын алу шараларын баяндау кезінде ешқандай қателік пән дәлсіздік жібермесе. Тақырып бойынша теорияларды, концепция мен бағыттарды білсе және оларды талдай білсе, ғылыми жетістіктерді көлтіргенде. Қойылған міндетке сай құрастырган алдын алу шараларын нақты және ғылыми түрғыдан негіздел бергенде. 5 занды құжаттарды дұрыс пайдаланғанда.
	<b>A- (90-94%)</b>	Егер де студент құрастырган алдын алу шараларын баяндау кезінде айтарлықтай қателік жібермесе, айтарлықтай емес дәлсіздік жіберсе немесе қағидалық қателік жіберіп, оны студент өзі түзесе, материалды өзі жүйелей білсе. Құрастырган алдын алу шаралары дұрыс болғанда. Занды құжаттарды дұрыс пайдаланғанда.
2	<b>Жақсы</b> <b>B + (85-89%)</b>	Егер де студент құрастырган алдын алу шараларын баяндау кезінде айтарлықтай дәлсіздік жібермесе немесе қағидалық қателік жіберіп, тек оқытушы айтқан әдебиттермен шектелсе, материалды оқытушының көмегімен жүйелей білсе. Құрастырган алдын алу шараларын аздаған қате болса. Ұсынған шараларды ғылыми түрғыдан негіздел берсе. Күші бар 5 занды құжатты қолданғанда.
	<b>B (80-84%)</b>	Егер де білім алушы құрастырган алдын алу шараларын баяндау кезінде ешқандай қателік пән дәлсіздік жібермесе. Тақырып бойынша теорияларды, концепция мен бағыттарды білсе және оларды талдай білсе. Құрастырылған алдын алу шаралары тақырыпты толық қамтymаған. 3 занды құжаттарды дұрыс пайдаланғанда.
	<b>B- (75-79%)</b> <b>C + (70-74%)</b>	Егер де студент құрастырган алдын алу шараларын баяндау кезінде айтарлықтай қателік жібермесе, айтарлықтай емес дәлсіздік жіберсе немесе қағидалық қателік жіберіп, оны студент өзі түзесе, материалды оқытушының көмегімен жүйелей білсе. Құрастырган алдын алу шараларында қателік жіберілсе. 2 занды құжаттарды дұрыс пайдаланғанда.

<b>OÝTÜSTİK QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024 20 беттің 17 беті

3	<b>Қанағаттанарлық С ( 65-69%)</b> <b>C - ( 60-64%)</b>	<p>Егер де білім алушы құрастырган алдын алу шараларын баяндау кезінде айтарлықтай дәлсіздік жіберсе немесе қағидалық қателік жіберіп, тек оқытушы ұсынған әдебиттермен шектелсе, материалды қынышылықпен жүйелей білсе. Құрастырылған алдын алу шаралары толық емес. Занды күші құжаттарды пайдаланбағанда.</p>
4	<b>Қанағаттанарлықсыз FX (25-49%)</b>  <b>F (0-24%)</b>	<p>Егер де білім алушы құрастырган алдын алу шараларын баяндау кезінде айтарлықтай қағидалық қателік жіберсе, ғылыми терминологияны пайдаланбаса, материалды логикалық қатемен баяндаса. Мазмұны бойынша қателер болса. Құрастырылған алдын алу шаралары толық емес және занды құжаттарды пайдаланбаса.</p> <p>Алдын алу шараларын құрастырмағанда.</p>
<b>Презентация қорғау</b>		
1	<b>Өте жақсы</b> <b>A (95-100%)</b> <b>A- (90-94%)</b>	<p>Егер де білім алушы презентация кезінде ешқандай қателік пән дәлсіздік жібермесе. Тақырып бойынша теорияларды, концепция мен бағыттарды білсе және оларға баға бере білсе, ғылыми жетістіктерді көлтіргенде. Мазмұны мен безендірілуі презентацияға қойылатын талапта сай болғанда. Тақырып бойынша дайындалған слайдтар саны 20 болғанда.</p>
2	<b>Жақсы</b> <b>B+ (85-89%)</b> <b>B (80-84%)</b> <b>B- (75-79%)</b> <b>C+ (70-74%)</b>	<p>Егер де білім алушы презентация кезінде айтарлықтай емес қателік пен айтарлықтай емес дәлсіздік жіберсе немесе қағидалық қателік жіберіп, оны студент өзі түзесе, материалды оқытушының көмегімен жүйелей білгенде. Мазмұны мен безендірілуінде презентацияға қойылатын талаптан сәл ғана ауытқу болғанда. Тақырып бойынша дайындалған слайдтар саны 20-15 болғанда.</p>
3	<b>Қанағаттанарлық С ( 65-69%)</b> <b>C - ( 60-64%)</b>	<p>Егер де білім алушы презентация кезінде айтарлықтай дәлсіздік жібергенде немесе қағидалық қателік жіберіп, оқытушы айтқан негізгі әдебиттермен ғана шектелгенде, материалды жүйелей алмағанда. Мазмұны мен безендірілуінде презентацияға қойылатын талаптан айтарлықтай ауытқушылық болғанда. Презентацияның мазмұны тақырыпқа сай келмегенде. Дайындалған слайдтар саны 15-тен кем болғанда.</p>

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024 20 беттің 18 беті

	D+ (50-54%) D (50-54%)	Егер де білім алушы презентация кезінде қағидалық қателік жіберсе, ғылыми терминологияны қолдана алмағанда, логикалық қатемен баяндағанда. Мазмұны мен безендірілуінде презентацияға қойылатын талаптан айтарлықтай ауытқушылық болғанда. Презентацияның мазмұны тақырыпқа сай келмегенде. Тақырып бойынша слайдтар саны 10 болғанда.
4	<b>Қанағаттанарлықсыз</b> FX (25-49%) F(0-24%)	Презентацияның мазмұны таңдалған тақырыпқа сай емес. Мазмұны мен безендірілуінде талаптан айтарлықтай қате болғанда. Дайындалған слайдтар саны 10-нан кем болғанда. Презентацияны дайындалмағанда.

**Ғылыми мақалаларды талдау (RBL элементі - research-based learning)**

<b>№</b>	<b>Бағасы</b>	<b>Бағалау критерийлері</b>
1	<b>Өте жақсы</b> A (95 – 100%) A - (90 – 94%)	Ғылыми әдебиеттерді шолу көздерінің мәліметтер базасын таңдады. Мақсаттар мен міндеттерді анықтады. Іздеуді жоспарлау және талдау әдістерін көрсетті. Ғылыми мақалаларға талдау жүргізді. Талдайтын тақырыптың негізгі мәселелері мен сұрақтары бойынша зерттеу нәтижелерін көрсетті. Тақырып бойынша корытынды жасады. 5 кем емес ғылыми мақалаларды талдады. Осы мәселені шешу үшін ұсыныс берді. Соңғы 5 жылдағы кем дегенде 5-7 әдебиетті пайдаланды.
2	<b>Жақсы</b> B + (85-89%) B (80 – 84%) B- (75 - 79%) C+ ( 70-74%)	Ғылыми әдебиеттерді шолу көздерінің мәліметтер базасын таңдады. Мақсат пен міндеттерді анықтады. Іздеу және талдау әдістерін жоспарлады. Талданатын тақырыптың негізгі мәселелері мен сұрақтары бойынша зерттеу нәтижелерін көрсетті. Тақырып бойынша жасалған тұжырымдар қойылған міндеттерге сәйкес келеді. Тақырып бойынша корытынды жасады. 4 ғылыми мақаланы талдады. Бұл мәселені шешу үшін ұсыныстар берді. Соңғы 10 жылдағы 5 әдебиетті пайдаланды.
3	<b>Қанағаттанарлық</b> C (65-69%) C - (60-64%) D+ (55 – 59%) D (50 – 54%)	Қойылған мақсат пен міндеттер зерттелетін тақырыпты толық ашпайды. Талдау әдістемесі анықталмаған. Жүргізілген талдауда зерттелетін тақырыптың негізгі сұрақтары мен мәселелері бойынша зерттеу нәтижелері көрсетілмейді. Тұжырымдар бар. Бұл мәселені шешуге арналған ұсыныстар тақырыпқа сәйкес келмейді. Тақырып бойынша корытынды жасады. 3 ғылыми мақаланы талдады. Соңғы 10-15 жылдағы кем дегенде 4 әдебиет дереккөзі қолданылды.
4	<b>Қанағаттанарлықсыз</b> FX (25 – 49%) F (0-24%)	Ғылыми мақалаларға талдау жүргізілмеді.

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024
	20 беттің 19 беті

### № 3 қосымша

#### Әдебиет

- Ерманова, С. А. Эпидемиология: оқулық /. - Қарағанды : АҚНҮР, 2016. - 296 бет. с.
- Жалпы эпидемиология дәлелді медицина негіздерімен: оку құралы / Ред. бас. В. И. Покровский. Қаз. тіл. ауд. Н. Жайықбаев. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 448 бет с.
- Мәсімқанова, Т. М. Жұқпалы аурулар : оку құралы / Т. М. Мәсімқанова. - Алматы : Эверо, 2013. - 204 бет. с.
- Шайзадина, Г. Н. Ескертпелі санитариялық қадағалау = Предупредительный санитарный надзор : оку құралы / Г. Н. Шайзадина. - Алматы : Эверо, 2015. - 116 с.

#### Қосымша әдебиеттер.

- Ерманова, С. А. Эпидемиолог маманының тәжірибелік дағдылары [Мәтін] : оқу-әдістемелік құрал / С. А. Ерманова, Н. А. Ирсимбетова, Ф. Мұхтарқызы. - Алматы : Эверо, 2018. - 136 б. с
- Әміреев, С. Жұқпалы аурулар оқиғаларының стандартты анықтамалары және іс-шаралар алгоритмдері. Т. 1 : практикалық нұсқау / Алматы : BRAND BOOK, 2014. - 624 бет + 80 бет
- Әміреев, С. Жұқпалы және паразитарлық аурулардың стандартты анықтамалары мен іс-шаралар алгоритмдері. Т. 2 : практикалық нұсқаулық / С. Әміреев. - Алматы : Эверо, 2014. - 902 бет.+80 бет.

#### Электрондық оқулықтар

- Эпидемиология. Ерманова С.А. , 2019/ <https://aknurpress.kz/reader/web/1081>
- Ерманова, С.А. т.б. Эпидемиолог маманының тәжірибелік дағдылары : Оқу-әдістемелік құрал. / С.А. Ерманова, Н. Ирсимбетова, Ф. Мұхтарқызы. - Алматы: Эверо, 2018. - 136 б. - <http://rmebrk.kz/>
- Сраубаев Е.Н Еңбек физиологиясы және зерттеу әдістері. Оқу-әдістемелік құрал./ Е.Н.Сраубаев, С.Р.Жакенова, Н.У.Шинтаева: Алматы, «Эверо» баспасы – 2020. - 156 бет. [https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/306/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/306/)
- Біріншілік медициналық-санитарлық көмектің (БМСК) дамуының нормативтік құқықтық негіздері : Оқу -әдістемелік құралы. / Н.К. Тузельбаев, Ш.Ж. Жанәділов, О.Ж. Ташимбетова, Ж.А. Ермаканова. - Түркістан: Тұран, 2018. - 96 б. <http://rmebrk.kz/book/1167636>

<p>ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы</p>	<p>59-11-2024 20 беттің 20 беті</p>